

МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№123
/10505/
жұма,
30 қыркүйек
2016 жыл

Аудан әкімі Мейірхан Өмірбековтың Мұғалімдер күні мерекесімен

ҚҰТТЫҚ ТАЛУ

Құрметті ұстаздар, білім саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіптік мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Иә, бала бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға – ұстаз. Адам жанын нұрландырар ұғымның ұлысы да – ұстаз. Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар, жасөспірім ұрпағы, өйткені, олар – біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» – дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға.

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы – ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Бұл біздің Тәуелсіз еліміздің де басты назарда ұстап отырған бағыты болып табылады.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан да жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жеке тұлға, яғни, дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын оқытып, тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдарын іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

Елбасымыз Н. Назарбаев «Еліміздің ертеңі, бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» – деп атап көрсеткеніндей, ұрпақ тағдыры үшін жауап беру – ұстаз атаулыға үлкен міндет жүктейді. Сондықтан ұстаздар күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырған жандар.

Дәуылпаз ақын М.Дулатов: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. ...Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» – деген екен. Ендеше, егемен елдің ертеңіне үлес қосатын, Тәуелсіз мемлекеттің саналы ұрпағы саналатын шәкірттердің ізгі сарайын біліммен сәулеттендіріп, білімнің биігінен көрсету – ұстаздар қауымы үшін зор мәртебе.

Осы орайда меркілік ұстаздар қауымы да үлкен ізденістердің, игі бастамалардың, тиімді педагогикалық технологияларды енгізудің иелері болады, – деп сенемін.

Тағы да төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс, ашық аспан, бейбіт күн тілеймін! Мереке құтты болсын!

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...

1 қазан – біздің елімізде Қарттар күні деп салтанатты түрде аталып өтеді. Қарттар дегеніміз ол – өмірден көргені де, түйгені де, білетіні де көп, абыз да ақылгөй, дана адам деген сөз. «Е, Алла, тек қана көп жасауды ғана емес, көп білуді, көпке қадірлі болуды маған бұйырты көр», – деп тілейді біздің ардагерлеріміз.

Бүгінде біздің ауданымызда Ұлы Отан соғысының 13, тылдың 500-ге тарта, еңбектің 7000-нан астам ардагер ақсақалдары мен абзал аналары өмір сүруде. Бұлар біздің ең құнды байлығымыз деп әрбір ауылда тұратын кешегі еңбек майталмандары, бүгінгі жасы келген қазыналы қарияларымызды сен де, мен де, барлығымыз да қамқорлыққа алып, олардан білмейтінімізді сұрап үйреніп, оларға барынша барлық жағынан қамқорлық жасау – біздердің перзенттік те, азаматтық та борышымыз. Бүгінде құлағы нашар естіп, көзі бұлдыр тартып, тізесі кілтінде тұрған ата-аналарымыз күні кеше ғана қылшылдап тұрған жігіттер мен қыздар-тұғын.

Бүгін ауданның өсіп, өркендеуіне өзіндік сүбелі үлесін қосқан қарттарымызды аялайық, ардақтайық. Олардың кешегі соғыс жылдарында, одан кейінгі кездерде өткен еңбегі орасан зор, солардың арқасында біздер бүгін осындай жақсы заманда өмір сүріп жүрміз.

Ардақты біздің ардагер қарттарымыз! Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап, аман болыңыздар, жасай беріңіздер деген игі тілегімізді жолдаймыз. Алдымызда тұрған Асқар тауларымыз аласармасын, оның бауырындағы бұлағымыз таусылмасын деп тілейміз.

Қамбарбек ИМАНАЛИЕВ,
ҚР Ардагерлер ұйымы қоғамдық
бірлестігінің Меркі аудандық
филиалының төрағасы

ТАҒАЙЫНДАУ

«Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №126-бұйрығымен Көкрекбаев Мұратбек Болысбекұлы «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметіне 2016 жылдың 27 қыркүйегінен бастап қабылданды.

Мұратбек Болысбекұлы 1964 жылы 13 қазанда Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Төтті ауылында дүниеге келген. 1990 жылы Қарағанды кооперативтік институтын «экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Мұратбек Болысбекұлы алғашқы еңбек жолын 1982-1983 жылдары №102 арнайы кәсіптік-техникалық училищесінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастаған 1986 жылы Меркі аудандық тұтынушылар одағының сауда базасында жұмысшы,

1986-1990 жылдары Қарағанды кооперативтік институтының білімгері, 1990-1991 жылдары Сарысу аудандық тұтынушылар одағының бас бухгалтерінің орынбасары, 1991-1992 жылдары Сарысу ауданы, «Калинин» совхозы кооперативінің бас бухгалтері, 1992-1995 жылдары Меркі ауданы әкімшілігінің экономика комитетінің төрағасы, 1995-1996 жылдары №2185 Халық банкінің Меркі филиалының аға экономисі, бухгалтері, бухгалтер-ревизоры, 1996-1997 жылдары Меркі ауданы әкімі аппаратының өнеркәсіп, көлік және байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1997-1998 жылдары Меркі ауданы еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, 1998-2001 жылдары Меркі ауданы әкімі аппаратының жетекшісі, 2001-2005 жылдары Ойтал кенттік округінің



әкімі, 2005-2010 жылдары Меркі ауданы әкімінің орынбасары, 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Жамбыл ауылдық округінің әкімі лауазымын атқарып келген.

Үйленген, 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, өсіруде.

● Аудан прокуратурасында

АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ІСІ – БАҚЫЛАУДА

Өткен аптада Меркі аудандық прокуратурасында аудан прокуроры Сәкен Төлеуовтың төрағалығымен «дөңгелек үстел» жиыны өтіп, онда бүгінгі қоғамдағы күрделі де маңызды тақырыптардың бірінен саналатын алимент өндіру және басқа да айыппұлдарды төлету мәселелері әңгімеге арқау болды.

Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, «Меркі тынысы».

– Қазіргі уақыттарда балалары үшін алиментті төлету, әкімшілік айыппұлдарды өндіру оңайлықпен жүзеге аспайтыны белгілі. Әрине, бұл мәселелермен жұмыс істеу, негізінен, мемлекеттік сот орындаушылары мен жекеменшік сот орындаушыларына жүктелген. Тек, солардың міндеті деп, қарап отырмай, әкімшілік болып, көп болып көмектесейік. Борышкерлердің жауапкершілікті сезінбеуі – келесі құқық бұзушылықты тудыратынын ұмытпайық, – деді Сәкен Сержанұлы.

Сөз кезегін алған аудан прокуратурасының аға прокуроры Сәуле Игенбекова «Мемлекет пайдасына өндірілуге жататын атқару құжаттарының орындалуына аудандағы сот орындаушыларының және осы бағытта құрылған мобильдік топтың атқарған шараларының нәтижесі мен тиімділігі туралы» әңгімеледі.

– Меркі ауданының прокуратурасы мен облыстық Әділет департаментінің аудандық аумақтық бөлімі сот орындаушылары З.Құттыбаеваның, Д.Түлеевтің және жеке сот орындаушысы М.Қанаевтың

өндірістеріндегі мемлекет пайдасына өндірілуге жататын атқару құжаттарының орындалуына, алимент бойынша атқару өндірістерінің іске асырылуына және осы бағытта құрылған мобильдік топтың атқарған жұмыстарының нәтижелеріне тексеру жүргізілді, – деді С.Игенбекова. – Анықталғаны, аудан бойынша жыл басынан бергі өндірістегі мемлекет пайдасына өндіруге жататын, 59759464 теңгені құрайтын, 2285 атқару құжатының 1420 құжаты ғана орындалған, яғни, 31 814 080 теңге өндірілген. Оның ішінде, 22573910 теңгеге 803 құжат нақты орындалған. Прокурорлық ықпал ету актілерімен мемлекет пайдасына 865 атқару өндірісі аяқталып, 13584366 теңге өндірілген. 2 атқару ісі борышкердің қайтыс болуына байланысты қысқартылған. Бүгінгі таңда 681 құжат орындауда қалып отыр, ол – 270942 384 теңгені құрайды.

С.Игенбекованың баяндамасынан тағы да белгілі болғанындай, аудан прокуратурасымен атқару өндірісі саласы бойынша 4 тексеру жүргізіліп, 11 заң бұзушылық туралы ұсыныс

енгізілген, 15 наразылық енгізілген, 20 әкімшілік іс және 2 тәртіптік өндіріс қозғалған. Сондай-ақ, аудан прокуратурасының бастамасымен қарыздарын төлеуден қашатын борышкерлерді сот арқылы жүргізушілік куәлігінен уақытша айыру және шет елге шығуға тыйым салу ісі де аудандық сотта қаралып, жүзеге асырыла бастаған. Сонымен бірге, «Нәпақаны төле, өз балаңа көмектес!» – «Помоги своему ребенку, заплати алименты!» – делінген билборд ілініп, онда аудан прокуратурасының сенім телефоны көрсетілген. Ауылдық округтердегі тұрғындар көптеп келетін орындарға «Нәпақадан айырған әкелер тізімі», – деп борышкерлердің тізімдері де ілінген.

Көпшілік талқысына түскен бүгінгі басты тақырып бойынша сот орындаушылары Зарина Құттыбаева мен Мұбарак Қанаев та сөз алып, өз жұмыстары туралы нақты мысалдар келтіре отырып, әңгімелеп берді.

Жиынға қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, нақты жауаптарын алды.

«Дөңгелек үстел» отырысына аудан әкімінің орынбасары М.Қасым, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Т.Олжабай, аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері мен мамандары және БАҚ өкілдері қатысты.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы **Болат Әлмұқанұлы Исаков** 2016 жылдың 30 қыркүйегінде сағат 12.05–12.50 аралығында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Байланыс телефондары: 2-13-61 (Меркі ауданы әкімі аппаратының кеңсесі).

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары **Еркебаев Нұрлан Тәңірбердіұлы** 2016 жылдың 30 қыркүйегінде сағат 12.05–12.50 аралығында Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Байланыс телефондары: 2-13-61 (Меркі ауданы әкімі аппаратының кеңсесі).

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА!

30 сентября 2016 года, с 12.05-12.50 часов, в здании райфилиала партии «Нұр Отан» состоится прием граждан по личным вопросам руководителем департамента по Жамбылской области министерства по делам государственной службы РК, председателем совета по этике **Исаковым Болатом Алмұқановичем**.

Контактные телефоны: 2-13-61 (Канцелярия аппарата акима Меркенского района)

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА!

30 сентября 2016 года, с 12.05-12.50 часов, в здании аппарата акима Жамбылского сельского округа состоится прием граждан по личным вопросам заместителем руководителя департамента по Жамбылской области министерства по делам государственной службы РК **Еркебаевым Нұрланом Танирбергеновичем**.

Контактные телефоны: 2-13-61 (Канцелярия аппарата акима Меркенского района)

ҰСТАЗЫМ - ҰЛЫҚ БАРАЖЕЖ

Мерекелеріңіз құтты болсын, ұстаздар!

ДОСТОУНА БЛАГОДАРНОСТИ



В эти прекрасные осенние праздники – День учителя и День труда, которые мы отмечаем в начале октября, в нарядном зале ДДЮ «Үміт», чествовали тех, кто дарит свет знаний. Багила Туралиевна Ахметханова посвятила свою жизнь школе и детям. Много лет талантливый учитель, заместитель директора по воспитательной работе Б.Ахметханова, работала в СШ №1, посвящая своему любимому делу все свободное время.

В торжественной обстановке, в этот особенный праздничный день, руководитель райОО С.Есенов поздравил лучших педагогов района, в числе которых и заслуженный учитель Багила Туралиевна Ахметханова (**на снимке**), с Днем учителя и вручил ей Поздравительное письмо и ценный подарок, отметив ее выход на заслуженный отдых и выразив ей большую благодарность за нелегкий труд, за то, что она давала детям самое главное – знания, воспитывала их патриотами своей Родины, достойными гражданами района.

«МТ»

СЛОВО ОБ УЧИТЕЛЕ

Как бы ни менялось общество, оно никогда не обойдется без учителя. Как и школа – как бы ни реформировалась, и какие бы изменения не претерпевала, не может существовать без своих главных действующих лиц – директора, заместителей директора.

Ольга АКИНИНА, Алихан НУРАЛИЕВ (фото), "Меркі тынысы".



Главная задача прекрасного учителя истории и географии, заместителя директора по воспитательной работе школы-гимназии №39 Гульзиры Нурадиловны Бегимбаевой, чтобы ее воспитанники, заканчивая школу и покидая ее стены, становились настоящими людьми и профессионалами своего дела.

В школу Гульзира Нурадиловна (**на снимке**), уроженка Шуского района, пришла после окончания Таразского государственного педагогического института. Сначала она трудилась в средней школе в селе Тасоткель, затем приняла твердое решение, переехать в Меркенский район, красота которого запала ей в душу. Когда Гульзира Нурадиловна Бегимбаева устроилась на работу в школу-гимназию №39, она сделала судьбоносный в жизни шаг, встретив здесь людей, старших наставников, которые сыграли в ее жизни важную роль, передавая ей свои знания, давая наставления, демонстрируя на своем примере то, как надо любить и как надо работать с детьми. Это директор школы-гимназии №39 К.Сейткулова и учитель математики Е.Шабанова.

Гульзира Бегимбаева быстро влилась в педагогический коллектив, легко нашла общий язык с педагогами и родителями учащихся, это ей было

необходимо, так как начинала свою педагогическую деятельность она в школе-гимназии с ответственной должности – заместителя директора по воспитательной работе и должна была оправдать возложенное на нее высокое доверие.

Гульзира Нурадиловна Бегимбаева всегда любила свою профессию, ей нравится каждое утро приходиться в школу, видеть глаза детей, их улыбки. То, как пробегаешь мимо нее шумными стайками, они радостно и с почтением здороваются с ней, когда за советом к ней обращаются коллеги и она, с удовольствием идет им навстречу, стараясь дать наставления по воспитательной работе. Нравится ей организовывать различные мероприятия для учеников, всегда находить новые формы их проведения, так, чтобы всем было интересно. Она и строгая, и добродушная одновременно, за что ее ценят и уважают, как учащиеся, их родители, так и многочисленные коллеги. Г.Бегимбаева чувствует свою постоянную ответственность перед ними. А еще ей нравится ее профессия за мудрость, которой она наделяет. За то, что она заставляет ее двигаться вперед. Школа требует от нее огромной отдачи, но и дает очень многое, ведь учитель имеет дело с детскими душами. И Гульзира Нурадиловна не устаёт повторять о том, что ее труд – заместителя директора по воспитательной работе, учителя, сложен, но вместе с тем, удивительно интересен, необходим, ведь своей работой она воспитывает в учениках школы патриотизм, любовь к Родине, уважение к старшим, желание совершать добрые поступки. И именно на таких учителях, любящих свою работу и детей, как Гульзира Нурадиловна Бегимбаева и ее коллеги, держится школа-гимназия, и к ним эта любовь возвращается любовью их воспитанников, которым они посвящают свою жизнь.

Алда төл мереке – Мұғалімдер күні аталып өтпек. Осы орайда журналистік іссапар бағытын №5 Ақарал орта мектебіне бұрдық. Соңғы 5 жылдың нәтижесі бойынша аудандағы ҰБТ қорытындылары мен білім деңгейін сараласақ, алғашқы үштіктен көрінген аталмыш мектеп биыл аудан бойынша топ жарып, алдыңғы орынды иемденгені ақаралдық ұстаздардың мерейін үстем еткені анық еді.

Құттықтауымызды қабыл алған мектеп директоры Қойшыманова Нүриле Сейсембайқызы барлық

Ұстаз деген – ұлы есім. Оған илікпейтін, оның алдында еңкейе тағзым жасамайтын жан жоқтың қасы болар. Дүниеге әкеліп, өмір сыйлаған ата-анаңнан кейінгі сырлы әлемнің түңдігін ашып, түрлі жұмбақтың жауабын табуға жетелейтін бауы тұлғалар да, адам санасына білім нәрін себуші де осы ұстаз қауымы.

Әлихан НУРАЛИЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

күткізген ерек жандар қатарында, – дейді мектеп басшысы.

Кештетіп барсақ та, мектептен тарихшы мұғалім Қасымов Ғани Сәрсембайұлы мен биолог Айтбаев Ғабит Күмісбекұлын (**суретте**) жолықтырдық. Мектеп басшысының айтуынша, білікті маман саналатын бұл екі азамат ұстаздар жанұясынан

Күмісбекұлы өз ұстазы, биология пәнінің мұғалімі С.Қаныбетованың жолын қумаққа бекініп, ТарМУ-ды бетке алғаны күні кеше еді. Содан бері талай шәкірттерді тәрбиелеп, өздері де шыңдала түскен педагогтар жақында өткен тамыз конференциясы кезінде «Көшбасшы ұстаз» атағына ие болып, аудан

ШӘКІРТ ЖАНЫНЫҢ ШАМШЫРАҚТАРЫ

жетістіктерді ұжымның ортақ табысы мен шығармашылық ізденімпаздығының жемісіне балай келе:

– 2012 жылдан бері 9 «Алтын белгі» үлгісіндегі аттестатқа ұсынылған сонша шәкірт сенімді түгелдей ақтай алды. Биыл ҰБТ-ға қатысқан 21 оқушының 4-уі 100-125 балл жинаса, 8-і 80-99 балға ие болды, 8 оқушы 60-79 балды місе тұтты. 2 үміткеріміз «Алтын белгі» биігінен көрінді. Бізде барлығы 52 мұғалім дәріс береді. Жоғарыда айтқанымдай, әрқайсының еңбегі бір төбе екені рас. Дегенмен, Ә.Дәліева, С.Айжарықов, Г.Наушабаева, Г.Шошабаева, Г.Самбетова, Ғ.Қасымов, К.Қалманбетова, Ғ.Айтбаев сынды білгір ұстаздардың шоқтығы биік екенін атап өткім келеді. Жеңіс байрақтарының желбіреуін де осы ұлағатты ұстаздардың еңбегімен тікелей байланыстырған жөн.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен өздері түлеп ұшқан алтын ұя мектептеріне қайта оралған кешегі шәкірт, бүгінгі жас ұстаздар Н.Уәлиева мен Ж.Беделбай да алдынан зор үміт



шыққан осы мектептің түлектері екен.

Бұл күнде ҚР тарихшылары қоғамдық бірлестігінің мүшесі Ғани Сәрсембайұлы ел егемендігін алған 1991 жылы мектеп бітіріп, сол кезден бастап ден қойылған ұлт тарихын терең зерделеу мақсатында ҚазҰУ-дың тарих факультетіне оқуға түссе, Ғабит

өкімі М.Өмірбековтың Алғыс хатын алған мұғалімдер қатарында екен.

Иә, мұғалім арқылы ұрпақ тәрбиеленеді, білімді орта қалыптасып, қоғам өзгереді. Ендеше, ел келешегі, жарқын ұлт болашағы үшін білім көкжиегін ашатын ұстаздардың төл мерекесі құтты болсын, демекпіз.

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ



Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделіде зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде.

Қазақ мектебінің болашағы туралы М.Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты», – деп айтып кеткен-ді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи-әлеуметтік, мәдени рухани болмысын дамытуға, қоғамдық өмір мен ұлттық мектепті қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі зор болады. Жалпы, ұстаздардың еңбегін тек оқушылар ғана бағаламаған, олардың алдында ұлы жазушылар да бас иген. Мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Егемен еліміздің ертеңін ойлар білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды парасатты азаматтарды тәрбиелейтін мамандықты таңдап, еліміздің өркендеп өсуіне өз үлесімді қоссам деймін. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін, бала күнімнен арман болған ұстаздық мамандығын игеріп, еңбек етіп жүрген замандастарыма сәттілік тілеймін!

Бақтияр СЕРІКҰЛЫ,
№12 Қ.Сарымолдаев
атындағы орта мектеп мұғалімі

Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, бар әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінген уақытта ұстаз атану мен үшін үлкен мәртебе.



Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Ендеше, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Мен жұмыс атқарып отырған ұжымда жас мамандарға жетекшілік етумен қатар, өздері де заман талабынан қалыспай, көптеген жетістіктерге жетіп, жастарға үлгі көрсетіп жүрген ұстаздар өте көп.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына деген құрмет арта берсін!

Аида СРАИЛ,
№44 орта мектебінің
жас маманы

МҰҒАЛІМ - МЕКТЕПТІҢ ЖҮРБЕТІ

ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ – НОВЫЙ ЭТАП К СОТРУДНИЧЕСТВУ

Процессуальное соглашение о сотрудничестве – соглашение, заключаемое между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным в порядке и по основаниям, предусмотренным Уголовно-процессуальным кодексом, в котором указанные стороны согласовывают условия ответственности подозреваемого или обвиняемого, в зависимости от его действий, с момента начала досудебного расследования и до стадии исполнения приговора включительно (п.37 ст.7 УПК).

Смысл такого соглашения состоит в том, что по всем категориям преступлений, подозреваемый или обвиняемый берет на себя обязательства оказать содействие следствию в раскрытии и расследовании преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений, розыске имущества, добытого в результате преступления, в обмен на снижение наказания.

Основанием для заключения соглашения о сотрудничестве является обращение к прокурору соответствующее ходатайство подозреваемого или обвиняемого, а условиями: наличие подозрения или обвинения по делу, по которому производится досудебное расследование; добровольность заявления ходатайства после консультаций с защитником; потребность органов уголовного преследования в получении содействия со стороны подозреваемого или обвиняемого.

По делам, по которым выполнены все условия процессуального соглашения, срок или размер наказания за совершенное уголовное правонарушение не может превышать половины максимального срока или размера наиболее строгого вида наказания, предусмотренного соответствующей статьей Особенной части настоящего Кодекса (ч.3 ст.55 УК РК).

Отличие соглашения о сотрудничестве от соглашения в форме сделки

о признании вины заключается в том, что при заключении процессуального соглашения о сотрудничестве, стороны не связаны с мнением потерпевших.

Институт соглашения о сотрудничестве направлен на противодействие организованным формам преступности, на раскрытие и расследование заказных убийств, бандитизма, наркопреступлений, коррупционных проявлений.

Между тем, прокурор может и отказать в утверждении процессуального соглашения о сотрудничестве. Основания для отказа прокурором в удовлетворении ходатайства, в законе не указаны.

По процессуальному законодательству Казахстана, с момента начала досудебного расследования и до стадии исполнения приговора включительно, может быть заключено соглашение о сотрудничестве между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным.

Одним из условий заключения соглашения является наличие обоснованного подозрения или обвинения, поэтому, такое соглашение не может быть заключено с лицом, в отношении виновности которого не имеется никаких доказательств.

Институт процессуального соглашения о сотрудничестве введен в действие с 1 января 2015 года.

А.ДАУРЕНБЕКОВ,
председатель Меркенского
районного суда.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯЛАУ – ӨЗ МҮЛКІНДІ ЗАҢДАСТЫРУҒА БЕРІЛГЕН ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Елбасымыздың тікелей бастамасымен, 2014 жылдың 30 маусымында, «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Заң қабылданды.

Бұл заң 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді. Аталған Заңның күші 2014 жылдың 1 қыркүйегіне дейін өздеріне тиесілі болған және өздері алған мүлкті жария ететін және жария ету субъектілеріне қолданылады.

Заңда заңдастырылуы мүмкін мүліктер тізімі нақты көрсетілген. Оған ақша, бағалы қағаздар, заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлесі, жылжымайтын мүлік, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өрі құрылыс нормалары мен ережелеріне толық жауап беретін үйлер (ғимараттар, құрылымдар), сонымен қатар, еліміздің аумағынан тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлік кіреді.

Айта кету керек, аталғандарға қылмыс жасау, адам құқығын таптау немесе мемлекет заңына қайшы әрекет ету арқылы, сыбайлас жемқорлыққа жол беру және жалған ақша, бағалы қағаздар мен құжаттар жасау негізінде ие болған жағдайда мұның ешбірі де заңдастырылмайды.

ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, мүлкті жария ету мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды.

Бүгінгі таңда Меркі ауданы бойынша құрылған жылжымайтын мүлкті заңдастыру жұмысы комиссиясына 1.09.2014 жылдан 2015 жылдың 5 қарашасына дейін 520 өтініш келіп түсіп, оның ішінде, 470 өтінішке шешім шығарылып, 388 өтініш Әділет басқармасымен

мемлекеттік тіркеуден өткізілді.

2006 жылғы заңдастырумен салыстырғанда, бұл жолы заңды тұлғалар заңдастырылатын мүлктің субъектілері болып табылмайды. Тағы бір айырмашылық – мемлекеттік тіркеудегі жылжитын мүлкті заңдастыруға келмейтіндігінде. ҚР аумағында орналасқан ғимараттарды заңдастыру талаптарының бірі – жекеменшік құқығы негізінде заңдастыру субъектісіне тиесілі жер телімдері сай болуы қажет. Заң мүлкті заңдастыру барысында алынған ақпараттардың құпиялылығына кепілдік береді. Себебі, заңда процессуалдық әрекетке тыйым салынатын жеке норма қарастырылған. Ауданымызда құрылған жылжымайтын мүлкті заңдастыру жұмысы комиссиясының шығарған шешімінен кейін мүлік заңдастырылған деп танылады. Әділет басқармасының жылжымайтын мүлік құқығын тіркеу қызметімен заңдастырылған мүлкті мемлекеттік тіркеуден өткізуі заңдастырудың қорытынды кезеңіне жатады.

Жария етілген жылжымайтын мүлікке құқықтарын тіркеу үшін 6 ай мерзімде құжаттарды аудандық әділет басқармасына тапсыру керек. Аталған мерзімде құқық белгілейтін құжаттарды тіркеуге тапсырмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 460-бабында көзделген әкімшілік жазаға алып келетінін ескертеміз.

Өз мүлкін заңдастыруды қалайтын азаматтар мүліктерін жария ету үшін құжаттарды қабылдау мерзімінің аз қалғанын ескеріп, тездеткендері жөн.

М.ҚЫЛЫШБАЕВ,
аудандық әділет
басқармасының
тіркеуші-инспекторы

Аудан әкімінің аудан тұрғындары алдындағы есеп беру кездесуі барысында айтылған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі аудан әкімдігінің 17.02.2016 жылғы №65 қаулысымен бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалу барысы (09.09.2016 жылға)

Іс-шаралар атауы	Орындалу мерзімі	Орындалуы
Сарымолдаев ауылы, Байназаров көшесінің су құбырлары жүйесін жөндеу жұмыстарын жүргізу және Сұрат ауылында екінші құдықты іске қосу.	II-IV тоқсан	Сарымолдаев ауылының ауыз су жүйесі «Ақ бұлақ» бағдарламасына енгізілген. Қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға қыркүйек айында қайта тапсырылуы жоспарлануда. Сұрат ауылындағы екінші құдықты іске қосу жұмыстарын жүргізу үшін қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу іс-шаралары жүргізілуде. Орындалу үстінде.
«Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша Қостоған, Андас батыр ауылдарының ауыз су жүйесінің ЖСҚ-ын дайындау.	II-IV тоқсан	«Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша Андас батыр ауылының су жүйесі құрылысының жобалау-сметалық құжаттары қайта есептелуде, мемлекеттік сараптама қорытындысы 2016 жылдың желтоқсан айында дайын болады деп күтілуде. Аудандық бюджеттің қаржы тапшылығына байланысты Қостоған ауылының су жүйесі құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу үшін облыстық құрылыс басқармасына ұсыныс жасалынды. Орындалу үстінде.
Елді мекендерде аралық (Қызыл қыстақ ауылынан Батыс Еуропа – Батыс Қытай жолына дейінгі жолды, Қызыл сай ауылына дейінгі жолды, Беларусь ауылына дейінгі алты шақырымдық жолды, Тескентоған ауылына баратын жолды), жолдарды ағымды жөндеу, Т.Рысқұлов ауылындағы Ш.Уәлиханов көшесін орташа жөндеу және Ақтоған ауылынан Қазақ дихан ауылына өтуге арналған жаяу жүргіншілер жолын жасау.	II-IV тоқсан	Қызыл қыстақ ауылынан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автоделізіне дейінгі, яғни, облыстық маңызы бар «Нововоскресеновка – Аспара» жолы облыс әкімдігінің құрылыс, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының теңгерімінде. Аталған жолға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін басқарма тарапынан ЖСҚ әзірленіп, қазіргі таңда қаражат қарастырылуда. Аудандық маңызы бар Қызыл сай ауылына дейінгі жолдың жиегін қоршау үшін ЖСҚ әзірленіп, қаражат қарастыру жолдары жүргізілуде. Аудандық маңызы бар Беларусь ауылына дейінгі 6 шқ жолға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлім тарапынан ЖСҚ әзірленді. Жалпы сметалық құны 102,6 млн. теңге. Қазіргі таңда қаражат қарастыру үшін бюджеттік өтінім тапсырылды. Тескентоған ауылына барар жолға ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлім тарапынан ЖСҚ әзірленді. Жалпы сметалық құны 3,9 млн. теңге. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Т.Рысқұлов ауылындағы Ш.Уәлиханов көшесінің жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлім тарапынан 2014 жылы ЖСҚ әзірленді. Жалпы сметалық құны – 25,5 млн. теңге. Аталған жолға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаражат қарастырылмаған. Алайда, Т.Рысқұлов ауылындағы 180 орындық мектепке баратын жолды жөндеу үшін 20,2 млн. теңге қарастырылып, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. (Мердігер Меркі жолдары). Ақтоған ауылынан Қазақ Дихан ауылына өтуге арналған жаяу жүргіншілер жолын жасау үшін «Қазақавтожол» мекемесі тарапынан ЖСҚ әзірленуде. Орындалу үстінде.
Меркі ауылындағы Сейфуллин көшесіне трансформатор орнату	II-IV тоқсан	Меркі ауылындағы Сейфуллин көшесіне трансформатор орнатуға ЖСҚ әзірлеу үшін мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурс жүргізілуде. Орындалу үстінде.
Білім беру мекемелерінің жаңа ғимараттарының құрылыстарын жүргізу үшін ЖСҚ дайындау (Арал қыстақ ауылындағы бастауыш мектеп, Қазақ дихан ауылына мектеп, Тескентоған ауылына мектеп).	II-III тоқсан	Қазақ дихан ауылындағы 120 орындық мектептің жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы 2015 жылдың 7 қыркүйегінде алынды №08-0294/15, сметалық құны 500,625 млн. теңгені, ал, Тескентоған ауылындағы 150 орындық мектептің жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы 2015 жылдың 14 желтоқсанында алынды №19-0708/15, сметалық құны – 554,507 млн. теңгені құрады. Арал қыстақ ауылындағы 50 орындық бастауыш мектептің жобалау-сметалық құжаттары әзірленуде, сараптама қорытындысы дайындалуда. Орындалды.
Мектепке дейінгі балаларды балабақшамен қамту үлесін арттыру мақсатында жұмыстар жүргізу. (Жеміс-жидек ауылындағы бұрынғы балабақшаны іске қосу, Т.Рысқұлов ауылындағы №7 ескі мектеп ғимаратына балабақша ашу үшін жөндеуден өткізуге ЖСҚ дайындау)	II-IV тоқсан	Жеміс-жидек ауылындағы бұрынғы «Огонек» балабақшасының ғимаратын 120 орындық балабақша ретінде қолданысқа енгізу мақсатында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, 17.06.2014 жылғы мемлекеттік сараптаманың №08-0118/14-ші қорытындысы бойынша құрылыс – монтаждық жұмыстардың құны 155 524,850 мың теңгені құрап отыр. Бүгінгі таңда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл күндері, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуші болып «Айсери және К» ЖШС табылып, 14 наурыз 2016 жылғы №81 келісім-шартқа сәйкес, жөндеу жұмыстарының құны 110 093,244 мың теңгені құрап отыр. Жасалынған шарт негізінде мердігер 15 мамырда жұмысты бастап 15 қыркүйекке аяқтауы тиіс. Орындалу үстінде.
Елді мекендерде жаңа медициналық қызмет көрсететін ғимараттардың құрылыстарын жүргізу үшін ЖСҚ дайындау (Ақермен ауылына дәрігерлік амбулатория, Мыңқазан ауылындағы фельдшерлік пункт) және Қостоған ауылындағы дәрігерлік амбулаторияны көгілдір отынға қосу.	II-IV тоқсан	Ақермен ауылына қазіргі уақытта облыстық құрылыс басқармасынан алынған мәлімет бойынша ЖСҚ дайындалып мемлекеттік қорытынды өткізуге мемлекеттік сатып алу ойнатылуда. Мыңқазан ауылында қазіргі уақытта коммуналдық қызметтерге техникалық шарттар алу жұмыстары жүргізілуде. Қостоған ауылына қазіргі уақытта газдандыру жұмыстары бойынша аурухана бюджетінен 500,0 мың теңге қаралып, ЖСҚ дайындауға мемлекеттік сатып алу ойнатылып, жеңімпаз мердігермен келісімшарт жасалуда. Орындалу үстінде.
Ақарал ауылдық мәдениет үйін жылытуға қазандық орнату және Меркі ауылындағы орналасқан балалар кітапханасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті құжаттар әзірлеу.	II-IV тоқсан	Меркі ауданы, Ақарал ауылдық округіндегі, Ақарал мәдениет үйінің қазандығын соғуға бүгінгі күнге жобалық-сметалық құжаттамасы жасалып қойылған, ағымдағы жылға 21 млн. 645 мың теңге қаражат қарастырылды, мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда. Меркі ауылдық балалар кітапханасы бойынша құжаттары әзірленіп 3 млн. 800 мың теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Орындалу үстінде.
Округтерде тұрғын үй құрылысына жер телімдерін беру мәселесін шешу.	II-IV тоқсан	Аудандық бюджеттен 2,2 млн теңге бөлініп, бірінші кезеңдегі Сарымолдаев ауылындағы 31 гектар жерге инженерлік инфрақұрылым (электр жүйесі, қиыршық тас жол) құрылысының ЖСҚ әзірлеуге мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылуда. Жеңімпаз қыркүйек айының 15-не дейін анықталуы тиіс. Орындалу үстінде.
Сұрат ауылындағы бұрынғы асхана ғимаратын ауылдық әкімшілік теңгеріміне алу	II-IV тоқсан	Жеке кәсіпкер Қ.Шайхиевтің теңгеріміндегі Сұрат ауылындағы бұрынғы асхана ғимаратын спорт кешеніне айналдыру үшін Қ.Шайхиевпен келіссөздер жүргізілді. Қазіргі уақытта бұл ғимарат 2017 жылға дейін банкте кепілде тұр. Кепілден шығарылғаннан кейін Сұрат ауылдық округі әкімшілігінің теңгеріміне беруге уәде берді. Орындалу үстінде.
Аудан аумағында көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүйеге келтіру	II-IV тоқсан	Аудандағы елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша күзгі екі айлық кезінде аудан аумағында 80,9 шқ арықтар мен каналдар, 225,3 шқ көшелер мен жолдардың бойы және 18400 м ² саябақтар мен скверлердің тазалануы және 121,5 тоннаға жуық күл-қоқыстардың жиналуы жоспарланды. Бүгінгі күні аудан аумағында 10,9 шқ арықтар мен каналдар, 27,8 шқ көшелер мен жолдардың бойы және 4750 м ² саябақтар мен скверлер тазаланып, 18,5 тоннаға жуық күл-қоқыстар шығарылды. Орындалды.
Меркі ауылының орталығындағы 4 қабатты тұрғын үйдің санитариялық мәселесін қолға алып, жұмыстар жүргізу	II-III тоқсан	Меркі ауылы орталығындағы 4 қабатты тұрғын үйдің көріз жүйесі бойынша үйдің тұрғындары «Таза су» ШЖҚ МКК келісім шартқа отырып, сарқындар суы уақтылы шығарылуға. Ал, санитарлық тазалық жағдайын ретке келтіру бойынша «Жасыл Меркі» ЖШС-мен келісім шарт жасалынып, тазалық жұмыстары жүргізілуде. Орындалды.

Меркі ауданы әкімінің аппараты



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТІНДЕ

«Қайырымдылық жасаған, қайырымын өзің көресің» – деген дана халық. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей мүмкіндігі шектеулі, қамқорлыққа алынған адамдардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы.

Расул МАЛЛАБАЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған қайырымдылық концертіне аудан әкімдігі қолдау көрсетіп, барлық ауылдық округ аппараттары және мекемелер өз үлестерін қосты.



Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, жалғызбасты аналарға, жетім балаларға, төтенше жағдайларға тап

қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жандардың жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемі

ұсынып, достық пейілін танытуға келген жандардың басын қосуда. Жақында аудан әкімдігінің қолдауымен «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық концертін өткізді. Бұл концертке кәсіпкерлер, аудан тұрғындары демеушілік көрсетті.

Көрерменге толы концерттің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Марат Қасым демеуші азаматтарға алғысын айтып, аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады (суретте). Акция барысында Астана қаласындағы «Нұр Астана» орталық мешітінің өткізген «Мейірімділік мекені» атты бейнеролигі көрсетіліп, концертте «Меркі әуендері», қырғыз елінен келген сатирик Абди Жуасбай, өңші Элиза Орозова және ауданның жас өнерпаздары, аудандық балалар мен жасөспірімдердің «Үміт» сарайының бишілер тобы өздерінің өнерлерін көрсетіп, халықты қуанышқа бөледі.

Қайырымдылық акцияда жақсы іске жанашыр болып, қамқорлығын аямай, көмекке мұқтаж жандарды қолдай білген «Меркі шипажайы» Акционерлік қоғамының директоры Момбеков Әбдірахым жылы сөздерін жеткізді.

Осы сынды қайырымдылық акцияларын «Мерейлі Меркі» қайырымдылық қоры болашақта да өткізетін болады.

ПРОКУРАТУРАМЕН ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау» туралы жобасын жүзеге асыру аясында облыс прокуратурасымен тұтынушылар алдында орын алатын ерекше мәселелерді анықтау және оларды шешудің жолын қарастыруға бағытталған жұмыстар атқарылуда.

Сондықтан прокуратура органы, ҚР ҰЭМ ТМРЖБҚ Жамбыл облысы бойынша Департаменті, жергілікті атқарушы органы, аймақтық кәсіпкерлер палатасының қызметкерлерінен және басқа да мүдделі қоғамдық ұйымдардың қатысуымен жұмыс тобы құрылды.

Осыған орай, барлық облыс тұрғындарына осы жобаны іске асыруға белсене қатысуды ұсынамыз және Сіздердің табиғи монополия субъектілері тарапынан бұзылған құқықтарыңыз туралы, олардың жұмыстарын жақсартуға бағытталған ұсыныстарыңызды және басқа да сұрақтармен ұялы тел.: 87012276044, жұм. тел.: 8(7262)45-59-32 телефондарымен А.Х.Азаматовпен және ұялы тел.: 87023435119, жұм. тел.: 8(72632)2-24-51 телефондарымен Н.И.Тилешовпен хабарласуыңызды сұраймыз.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

ПРОКУРАТУРОЙ РЕАЛИЗУЕТСЯ ПРОЕКТ

В рамках реализации проекта «Защита прав потребителей в сфере естественных монополий и регулируемых рынках», органами прокуратуры области проводится работа по выявлению наиболее проблемных вопросов, возникающих перед потребителями и разработке путей их решения.

Для этого создана рабочая группа из числа сотрудников прокуратуры, ДКПРЕМ и ЗК МНЭ РК по Жамбылской области, местных исполнительных органов, региональной палаты предпринимателей, а также других заинтересованных общественных объединений.

В связи с этим, предлагаем всем жителям области принять активное участие в реализации данного проекта и сообщать по тел.: сот.: 87012276044, раб.: 8(7262) 45-59-32 А.Х.Азаматову и сот.: 87023435119, раб.: 8(72632) 2-24-51 Н.И.Тилешову обо всех фактах нарушений ваших прав со стороны субъектов естественных монополий, предложениях по улучшению их работы и по другим вопросам.

ПРОКУРАТУРА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

ОТОПИТЕЛЬНЫЙ СЕЗОН. СОБЛЮДАЕМ ОСТОРОЖНОСТЬ

По данным Комитета по чрезвычайным ситуациям МВД РК, за последние три года, от отравления угарным газом, взрывов и неисправностей газового оборудования пострадало 318 человек, при этом – 82 из них погибли. Получается, что практически два раза в неделю в Казахстане происходит ЧП, связанное с газом, причем каждое третье из них со смертельным исходом.

Для жителей частного сектора наиболее опасными являются утечки как самого газа, так и продукта его неполного сгорания, угарного газа. Последний не имеет запаха и очень быстро распространяется по всему жилому помещению, при этом, моментально начиная действовать на организм человека, связывая гемоглобин в крови. Его практически невозможно ощутить, вплоть до полного «отключения», за что в народе угарный газ прозвали «ласковым убийцей».

Чтобы избежать вышеописанные риски, необходимо правильно эксплуатировать все газовые приборы, ведь именно в их ненадлежащем использовании чаще всего скрываются причины утечки. Есть несколько неукоснительных правил:

- все газовое оборудование должно приобретаться только в специализированных, фирменных магазинах у проверенных, сертифицированных поставщиков;

- монтаж всего газового оборудования, включая любой маломальский ремонт газовых приборов, должны осу-

ществлять только специалисты, причем под контролем коммунальных газовых служб;

- необходимо, как минимум два раза в год, проверять состояние дымоходов и вентиляции, производить их чистку для обеспечения нормальной тяги.

- есть современная техника сигнализации. Поэтому, устанавливать газозащитные приборы нужно только с автоматикой безопасности, а кроме этого, снабжать конструкцию имеющихся отопительных печей отсекающими и сигнализаторами утечки природного и угарного газа.

Запомните, что самостоятельное подключение или установка кустарной или дешевой по стоимости, но при этом,

некачественной техники, особенно это касается систем отопления и водонагревателей, грозит повлечь за собой огромную опасность. Такие последствия, как утечка газа, отсутствие тяги, опасность взрыва и многие другие могут быть результатом самостоятельности при подключении газовых приборов.

Надо отметить, что если раньше, два раза в год дома и квартиры обходили слесари-контролеры, которые обслуживали газовое оборудование, проверяли состояние дымовых и вентиляционных каналов, а также следили за безопасным использованием газа в быту, то на сегодняшний день, эти функции переданы в конкурентную среду и полностью лежат на плечах домовладельцев. Поэтому, в целях собственной безопасности, необходимо самостоятельно заключать договора на обслуживание, либо требовать этого от КСК.

А.МУХАМБЕТЖАНОВ,
начальник караула ПЧ 11
Меркенского района.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 3 октября 2016 года возобновляет свою работу ТОО «ММШ Меркі-Жер», по оказанию услуг по землеустроительным работам жилых домов и нежилых зданий по Меркенскому району. Обращаться по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 2 «а» (здание, где находится нотариус Н.Суюнчалиева) к М.Айдосову или по тел.: 87017428420; 87472236841.

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті ұстаздар! Қадірменді ұлағатты ардагерлер! Сіздерді шын жүректен білім саласы қызметкерлерінің мерекесі – Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!

Мұғалім болу – елдегі ең қадірлі, аса жауапты мамандық. Себебі, баланың болашағы, оқуда қандай жетістікке жететіні, өмірде қаншалықты табысты, іскер болатыны тікелей ұстазға байланысты. Өйткені, ұстаз – ғылым-білімнің, мәдениеттіліктің, ұстамдылықтың символы.

Білім саласын дамытуға айрықша көңіл бөлініп, барлық жағдай жасалып келеді. Оның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал етуде.

Сіздердің жас ұрпақты өз елінің патриоты және тәрбиелі, әрі білімді азаматтары етіп тәрбиелейтіндіктеріңізді бағалай отырып, шыдамдылықтарыңыз бен қажырлы еңбектеріңіз арқылы жаңа белестерден көріне беріңіздер деген тілек білдіреміз.

Құрметті ұстаздар мен білім саласының ардагерлері! Сіздерді кәсіби Ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыстар, ізгі махаббат пен мейірім тілейміз!



Дорогие учителя!
Уважаемые ветераны педагогического труда!

Искренне поздравляем вас с Днем учителя! Высоко ценим щедрость ваших любящих сердец, ваше терпение и понимание, преданность делу и любовь к своим ученикам! Желаем крепкого здоровья, радости от вашего нелегкого труда, удачи в личной жизни! Пусть вас окружают уважение и любовь, доброжелательность и милосердие, жизнерадостность и наша благодарность!

Меркі ауданының білім бөлімі.
Білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ комитеті.



Мерекелеріңізбен!

Қымбатты Меркі ауданының Білім саласы қызметкерлері, ұстаздар, ардагерлер және кәсіподақ ұйымы! Сіздерді төл мерекелеріңіз – МҰҒАЛІМДЕР күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер, ертеңгі Қазақ елінің болашағын тұтастай айқындайтын, рухани дамыған, білімі зор жастарды өсіріп отырсыздар. Тек сіздердің қабілетті ұстаздық тәрбиелеріңіздің арқасында, ұлдар мен қыздар тиімді жаңа білім мен жаңа заманауи технологияларды пайдалануды үйрене алады. Сіздердің баға жетпес қажырлы еңбектеріңіз үшін үлкен рахмет айтамыз.

Мықты денсаулық, ұстаздық мерейлеріңіздің жоғарғы биікке өрлеуін, шығармашылық табыстар және шөкіртеріңіздің ыстық ықыласына бөлене берулеріңізге тілектеспін.

Сіздерге және сіздердің жанұяларыңызға, жақындарыңызға, бай қуаттылық пен бақыт тілеймін!

Ізгі тілекпен: Аужан МАМЕДОВ,
«Қазақстан Халық Банк» АҚ ЖОФ
аудандық №160900 басқармасының басшысы.



Меркі ауылының тұрғындары, сүйікті әкем **Баубек Асылбекті** 2 қазанда 63 жасқа толатын және аулы анам **Аманжолова Заряны** 29 қыркүйекте 62 жасқа толған туылған күндерімен шын жүректен құттықтаймын!

Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аулы әкем мен анам менің! Сіздерге әлемдегі бар

жақсы тілекті үйіп-төксем де аз. Алла Сіздерге ең алдымен мықты денсаулық берсін. Өрқашан жүздеріңізден мейірім нышаны кетпей, айналаға нұрларыңызды шашып, әкелік және аналық бақытқа кенеліп жүре беріңіздер. Жастарыңызға жас қосылсын.

Мен тілеймін сіздерге тек амандық, Кездеспесін жолдарыңызда жамандық.

Алла берген бар нәсіпті теріңіздер, Бар қызығын бұл өмірдің көріңіздер.

Ізгі ниетпен: қызы – Айжан.

2016 жылдың 30 қазанына белгіленген №8 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізу барысында Меркі аудандық маслихатының депутаттығына тіркелінген кандидаттар туралы

МӘЛІМЕТ

№8 сайлау округі

Көкрекбаев Мұратбек Болысбекулы – 1964 жылғы 13 қазанда туылған, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Жамбыл ауылы, Меркі ауданы, Жамбыл облысы, О.Үмбетов көшесі №20, қазақ.

№8 округтік сайлау комиссиясы

СВЕДЕНИЯ

о зарегистрированных кандидатах в депутаты Меркенского районного маслихата по проведению выборов, вместо выбывшего депутата по избирательному округу №8, назначенных на 30 октября 2016 года.

Избирательный округ №8

Көкрекбаев Мұратбек Болысбекулович – 13 октября 1964 года рождения, первый заместитель председателя Меркенского районного филиала партии «Нұр Отан», село Жамбыла, Меркенского района, Жамбылской области, ул. О.Үмбетова №20, казах.

Окружная избирательная комиссия №8

МЕРКІ
ТЫНЫСЫ

Директор –
Бас редактор
Әтіркүл ИСАЕВА

vestnik-merke@mail.ru

Меншік иесі:

"Меркі тынысы" -
Баспасы" -
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Индекс: 080500,
Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Ә.Ысмайлов көшесі,
№349.

Телефондар: Бас
редактор –
4-07-33 (факс.),
бөлімдер – 4-07-35;
4-07-58;
есепші – 4-07-34

Газет аралас – қазақ және орыс
тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі,
жұма күндері шығады. Редакция
авторлардың көзқарасы үшін өзіне
жауапкершілік жүктемейді.
Газет ЖК ЖТО «Али ЗА»
баспа орталығында басылған.
Мекен-жайы: Тараз қаласы,
Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы
инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттық және
ақпарат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымын және
ақпараттық агенттік тіл есепке
қою туралы КҰЭЛІК
№14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл

КЕЗЕКШІЛЕР: Р.Маллабаев, О.Мазур

ТАРАЛЫМЫ: 2510 дана